



ШЖҚ РМК «Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті»

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН

Халел Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің ректоры


А.Таленов

«14» желтоқсан 2018ж

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ӨМІР БОЙЫ ОҚЫТУ ОРТАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


СМЖ № 172

Атырау 2018ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	2- бет, 10 беттен тұрады


АЛҒЫ СӨЗ

1. **ӘЗІРЛЕГЕН:** Эко-кампусты дамыту бөлімі.
2. **ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі.
3. **ӘЗІРЛЕУШІ:**
М. Айтимбетов – Эко-кампусты дамыту бөлімінің бастығы.
4. «14» 12 2018ж. **БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
5. **ЕНГІЗІЛДІ: БІРІНШІ БАСЫЛЫМ.**
6. Құжатты **ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.
Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ**– 2021жыл.

	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	3- бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Негізгі міндеті	4
4	Негізгі қызметі	4
5	Ұйымдық құрылымы	5
6	Құқықтар мен міндеттері	5
7	Басқа бөлімшелерімен өзара байланысы	5
8	Нормативтік сілтемелер	6
9	Өзгертулер	6
10	Келісім алу, сақтау және тарату	6
11	Келісім парағы	8
12	Танысу парағы	9
13	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	10

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	4- бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ереже

- 1.1 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы Университеттің Жарғысы негізінде жұмыс істейтін Университеттің Эко-Кампусын дамыту бөлімінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және өзінің жұмысында «Lifelong Learning for Sustainable Development 574056-EPP-1-2016-1-PL-EPPKA2-CBHE-SP» Жобаның Ережелері, университет ректоры бұйрығы мен осы Ережені басшылыққа алады.
- 1.2 Тұрақты даму бойынша өмір бойы оқыту орталығы «Lifelong Learning for Sustainable Development 574056-EPP-1-2016-1-PL-EPPKA2-CBHE-SP» жобасын жүзеге асыру барысында Erasmus + халықаралық бағдарламасы, сондай-ақ Университеттің дамуының 2017-2020 жж. арналған стратегиясы бойынша ұйымдастырады.
- 1.3. Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының қызметінің негізгі мәселелері «SusDev» жобасы аясындағы кластерлік кездесулерде, сондай-ақ АтМУ Ғылыми Кеңесінде қарастырылады.

2. Қысқартулар

АтМУ - Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;
 ОІЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор;
 ҒЖП-Ғылым жөніндегі проректор;
 ОӘК-Оқу әдістемелік кеңес;
 СЖМ – Сапа менеджмент жүйесі;
 ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы.


3 Негізгі міндеті

Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының негізгі міндеттері:


- үздіксіз білім беруді дамыту және ұзақ мерзімді білім беру саласындағы жоғары оқу орындарының рөлін арттыру, экологиялық білім беруді дамыту;
- тұрақты дамуға көшудегі озық тәжірибелер мен іс-тәжірибелер зерттеу және қолдану;
- халықтың әртүрлі топтары арасында «жасыл дағдылардың» маңыздылығын түсіндіру, мүдделі тараптар, соның ішінде балалар, жастар, ғылыми орталар, қоғамдық ұйымдар және кәсіпорын секторлары арасында тұрақты даму моделін алға бастыру, дамыту.

4 Негізгі қызметі

- Орталықтың жыл сайынғы жұмыс жоспарын жасақтау;
- оқу модульдерін, оқу-әдістемелік құралдарын және басқа оқу құралдарын жасақтау, соның ішінде қашықтағы, ашық білім беру ресурстарын дамыту;
- семинарларды, тренингтерді және жаңа әзірленген пилоттық курстарды ұйымдастыру және өткізу;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықта жобаларды іске асыру;
- мемлекеттік органдардың, жеке кәсіпкерлік субъектілердің тапсырыстары бойынша экологиялық білім беру саласындағы жобаларды іске асыру;
- Атырау облысының тұрғындары арасында экологиялық акциялар мен экотарафондарды ұйымдастыру;
- әлеуметтік жобаларды іске асыру, тұрғындарды экологияның өзекті мәселелеріне шақыратын эко-жарнамаларды құру;
- оқушылардың экологиялық ой-өрісін дамыту үшін Атырау облысының мектепке

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	5- бет, 10 беттен тұрады

- дейінгі, мектеп, кәсіптік, жоғары білім беру орындарында іс-шараларды өткізу;
- болашақта жаңа идеялар мен іс-әрекеттерді қалыптастыруға үлес қосатын тұрақты дамуды жүзеге асыру тәжірибесі туралы зерттеулерге талдау жүргізу;
- курстардың мазмұнын жаңарту және тренингтердің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында кері байланыс алу, бағалау сауалнамаларын әзірлеу, өткізілген іс-шаралардың нәтижелерін талдау.
- 5 Ұйымдық құрылымы**
- 5.1 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығын жетекші басқарады, ол Эко-кампус даму бөлімінің директорына бағынады.
- 5.2 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының жетекшісін университет ректоры, әдетте, магистр академиялық дәрежесі бар тұлғалар қатарынан тағайындайды және босатады. Ол Орталық қызметінің уақытылы және сапалы орындалуына, жоспарлы, штаттық тәртіптің сақталуына жауапты болады.
- 5.3 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының штаты университеттің ректорымен бекітіледі.
- 6 Құқықтар мен міндеттері**
- 6.1 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының құқықтары:
- Университет жарғысына, ректордың бұйрықтарына, ҒЖП нұсқаулықтарына, осы Ережеде көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес өз қызметінің мазмұны мен түрлерін өз бетімен анықтайды;
- Орталықтың құрылымын, штаттық кестесін және қызметкерлердің жұмыс уақыты мен лауазымдық нұсқауларын әзірлеу және үйлестіру;
- университет басшылығына белгіленген тәртіпке сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату және ауыстыру туралы ұсыныс беру;
- 6.2 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығының негізгі міндеттері болып табылады:
- осы Ережеде көрсетілген орталықтың негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін жұмыс барысында Қазақстан Республикасының заңдары, Университет Жарғысы, ректордың бұйрықтары басшылыққа алынады;
- SusDev жобасы шеңберінде жұмыс пакеттерін уақтылы және сапалы орындау, ректордың және проректорлардың бұйрықтары мен тапсырмаларын ұйымдастыру;
- жоғарғы ұйымдарға белгіленген уақытта қызмет туралы есептерді және басқа да құжаттарды ұсыну.
- 7 Басқа бөлімшелерімен өзара байланысы**
- 7.1 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы өз қызметін университет бөлімдерімен тығыз байланыста жұмыс істейді, орталық ұйымдастырған іс-шараларға факультеттер, кафедралар, ғылыми зертханалар мен орталықтардың қатысуымен оқу курстарын, семинарлар мен тренингтерді талқылайды, үйлестіреді және бақылайды.
- 7.2 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы факультеттер, кафедралар, ғылыми зертханалар мен орталықтарға танысу үшін ақпараттарды уақтылы ұсынады.
- 7.3 Оқу-әдістемелік кеңестің (ОӘК) және Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен бірлесіп, Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейінде мамандарды даярлау бойынша үйлестіру қызметін жүзеге асырады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	6- бет, 10 беттен тұрады

7.4 Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы өз жұмысын университеттің баспасы мен ғылыми кітапханасымен ақпараттық және әдістемелік баспа өнімдерін басып шығару, тарату, бойынша ынтымақтастық негізінде жүзеге асырады.

8 Нормативтік сілтемелер


- 8.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 8.2 Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасы;
- 8.3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;
- 8.4 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;
- 8.5 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы *(2014 жылғы 5 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен)*
- 8.6 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі
- 8.7 Университет Жарғысы
- 8.8 Университеттің ішкі еңбек тәртібінің ережелері

9 Өзгертулер


- 9.1 Ережеге енгізілетін өзгерістер ОІЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 9.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге Эко кампусты дамыту бөлімінің бастығы жауапкершілікте болады.
- 9.3 Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 9.4 **Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**
 - заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
 - ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
 - ҚББ мен ОІЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 9.5 Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 9.6 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 9.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.

10 Келісім алу, сақтау және тарату






- 10.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 10.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 10.3 Ереже келісімімен жасалады:
 - ОІЖП;
 - СМЖ қызметімен;
 - заң қызметінің жетекшісімен.
- 10.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады..
- 10.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.
- 10.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	7- бет, 10 беттен тұрады

- қызметі жүргізеді.
- 10.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: бірінші
	Тұрақты даму үшін өмір бойы оқыту орталығы туралы Ереже	8- бет, 10 беттен тұрады

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
1	2	3	4
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>13.12</u> 2018ж.	 (КОЛЫ)
Әлеуметтік мәселелер жөніндегі департамент директоры	Сулейменова Ж.У.	<u>13.12.</u> 2018ж	_____ (КОЛЫ)
Стратегиялық, инновациялық және халықаралық даму департаментінің директоры	Ужкенов Е.М.	<u>13.12.</u> 2018ж.	 (КОЛЫ)
Эко кампусты дамыту бөлімінің бастығы	Айтимбетов М.	<u>13.12.</u> 2018ж.	 (КОЛЫ)
СМЖ қызметінің бастығы	Балтурганова С.	<u>13.12.</u> 2018ж.	 (КОЛЫ)
Заң қызметінің жетекшісі	Куанов К.С.	<u>13.12.</u> 2018ж.	 (КОЛЫ)

